

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңының 36 және 52-баптарын іске асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 15 наурыздағы № 73 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 20 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2811. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 8 тамыздағы № 183 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.08.2016 № 183 қаулысымен.

Ескерту: Бұйрықтың атауына, кіріспесіне өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 84 қаулысымен .

Ашық жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңының 36-бабының 1-2-тармақтарына және 52-бабының 1-3-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Ашық жинақтаушы зейнетақы қорларының және қатысушылары Қазақстан Республикасының резидент еместері болып табылатын зейнетақы активтерін инвестиациялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың акцияларымен жасалатын мәмілелерді тіркеу осы мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңының 36-бабының 1-2-тармақтарымен және 52-бабының 1-3-тармақтарымен бекітілген талаптарының бұзылмайтындығына қуәлік ететін күжаттың болуы кезінде мәмілелеге қатысушылардың екі қарама-қарсы бұйрықтарының негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 84 қаулысымен .

2. Алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 84 қаулысымен .

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

4. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күн мерзім ішінде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің мұдделі бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктерге, сактандыру (қайта сактандыру) ұйымдарына, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға, номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізуге құқылы брокер-дилерлерге, заңды тұлғалардың "Қазақстан Тізілім ұстаушылар Қауымдастыры" және "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" бірлестігіне жіберсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің қызметін қамтамасыз ету департаменті осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға